**Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қаратал ауылдық округіне қарасты Қаратал және Теректі ауылдарындағы кейбір көшелерінің атауларын өзгерту туралы**

Алматы облысы Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 39 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ескелді ауданының Әділет басқармасында 2008 жылы 8 тамызда N 2-9-67 тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабындағы 4-тармағын басшылыққа алып, Ескелді ауданы, Қаратал ауылдық округіне қарасты Қаратал және Теректі ауылдарының тұрғындарының пікірлерін және Ескелді аудандық ономастика кеңесінің келісімін ескере отырып Қаратал ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ескелді ауданы, Қаратал ауылдық округіне қарасты Қаратал, және Теректі ауылдарындағы төмендегі көшелердің атаулары өзгертілсін:

1) Ескелді ауданы, Қаратал ауылы, Береговая көшесі Тәуелсіздік көшесі деп ауыстырылсын;

2) Ескелді ауданы, Қаратал ауылы, Ленин көшесі Бопау батыр көшесі деп ауыстырылсын;

3) Ескелді ауданы, Теректі ауылы, Ташкент көшесі Бейбітшілік көшесі деп ауыстырылсын;

4) Ескелді ауданы, Теректі ауылы, Гагарин көшесі Ғарышкер көшесі деп ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

*Қаратал ауылдық әкімі Д. Идрисов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК